

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕККЕ

Мұртымыз көкке шаншылып,
Таусылып,
Өзек ашылып,
Сөйлейікші бір!
Тәңірге ғана бас иіп,
Дөйлейікші — дүр!

Жерге кеп шаншылмасын мұрт
өмірі,
Ұлтыңның бұлттан да әрі жүр
көңілі.

Алаштың өзі — жерде,
Тәңірі — көкте,
Арада — өзіңді ерткен Күлтегіні!

Өр жаққа өру де — сын,
Өлуде — сын,
Бекзат Ұл — шаңырақтың
төріндесін.
Көктегі Тәңірден басқа түк те
Құрттай боп көзімізге көрінбесін.

Шіриді бұ дүние жоқ та құны,
Шірімес не бар дейсің оттан ұлы.
Мүңкімей,
Аңқылдап бір лебіз айттық,
Естіп тұр оны да анау Көк Тәңірі.

Ғаламзат — түркіге жат,
Пауэрі де.
Адамзат арбалмай тұр мәуеліге.
Сол құрттың салып кеткен бар
думаны
Қорқыттың жетпейді бір әуеніне!

Аспаннан Күн ауғанда,
Ай қарасын —
Ақ сүттей жарық қылып
айналайын.
Ашқанда, аузымыздан Күн
көрініп,
Алашты аппақ сәуле аймаласын.

Ғұн едік Күннен туған өзіміз де,
Естілген Көк тәңірдің сөзі бізге.
Күнікей Қыздан басқа Күн
астынан,
Тірі жан көрінбей тұр көзімізге.

Табанды тіліп қалың ақ шағылы,
Арбайды Алла Нұры, Бакша
Жыры.
... Үдіре көшіп бастан Түн Дәуірі,
Мінекей, келді Күннің
патшалығы.

Мұртымыз Көкке шаншылып —
Жерге емес,
Құрайық елде кеңес, белде кеңес.
Қазтуған,
Ақтамберді,
Дулатқа да,
Тәңірі мұндай күнді берген емес!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ.

Орталық Қазақстан. - 2002. -
23 қараша. - 8 б.